Әділет

# Тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 17 ақпандағы N 63 және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 19 ақпандағы N 86 Бірлескен бұйрықтары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 1 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6092 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрінің 2011 жылғы 31 тамыздағы № 264 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 307 бірлескен бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Байланыс және ақпарат министрінің 2011.08.31 № 264 және ҚР Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2011.09.16 № 307 ( ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

«Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабы 2-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Тексеру парақтарының нысандары:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы субъектілерін кешенді тексерісі;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы субъектілерін тақырыптық тексерісі;

3) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы субъектілерін тақырыптық тексерісі;

4) осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес компьютерлік жүйе болып табылатын бақылау-касса машиналар иелері және ақпараттар, кредиттік бюро жеткізушілері мен кредиттік есептерді алушыларын тақырыптық тексерісі;

5) осы бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес байланыс саласындағы субъектілерін тексерісі;

6) осы бұйрықтың 6-қосымшасына сәйкес телекоммуникация және пошта байланысы саласындағы табиғи монополиялар мен реттелетін нарықтар субъектілерін тексерісі бойынша бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің Байланыс, Ақпараттық технологиялар департаменттері (Ә.Е. Баймұратов, Қ.Б. Елеусізова) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркеуден кейін оның ресми жариялауын және Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. 1-қосымшаның 6, 23-тармақтары, 2-қосымшаның 6, 7, 8, 12, 14-тармақтары және 4-қосымшаның әрекеті 2011 жылғы 1 қаңтарға дейін таратылады.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің жауапты хатшысы Б.Ә. Маханбетәжиевке жүктелсін.

5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күшіне енеді және оны алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің Төрағасы*
_____________ *Қ. Есекеев*

*Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау Министрі*
____________ *Б. Сұлтанов*

Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің Төрағасының 2010 жылғы 17 ақпандағы № 63, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау Министрінің 2010 жылғы 19 ақпандағы № 86 бірлескен бұйрығына
1-қосымшасы

Нысан

## Ақпараттандыру саласындағы субъектілерді құрама тексеру парағы

Тексеруді белгілеген орган ________________________________________

Тексеруді белгілеу туралы акт ____________________________________ (№, күні, айы, жылы, құқықтық статистика бойынша органда тіркелген туралы мәлімет)

Тексеру субъектісінің атауы ______________________________________

Тексеріс өткізу мерзімі ___________________________________________

Тексеру мерзімі __________________________________________________

РНН (ИИН/БИН) _________________________________________________

Мекенжайы: _______________ қ., _____________________________ көшесі
Телефон: ___________________, факс: ______________________________
Электрондық поштаның мекен жайы: __________________@________

| № | Талаптар | иә | жоқ |
|---|---|---|---|
| Нормативтік-техникалық құжаттарға қойылатын талаптар | | | |
| 1 | Деректер қоры, ақпараттық ресурстар, ақпараттық жүйелер және бағдарламалық өнімдердің нормативтік-техникалық құжаттамасының бар болуы | | |
| 2 | Нормативтік-техникалық құжаттаманың стандарттар талаптарына сәйкестігі | | |
| 3 | Ақпаратты қорғаудың құқықтық және ұйымдастыру шараларының бар болуы | | |
| 4 | Нормативтік-техникалық құжаттаманы депозитке ұсынылғаны | | |
| **Бағдарламалық өнімдерге, ақпараттық жүйелерге, ақпараттық ресурстарға және деректер қорларына қойылатын талаптар** | | | |
| 5 | Нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына деректер қоры, бағдарламалық өнімдер мен ақпараттық жүйелердің сәйкестігі | | |
| 6 | *Әрекеті 2011.01.01* дейін *таратылды.* | | |
| 7 | Сертификатталған ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын қолдануы | | |
| 8 | Серверлер үшін арнайы (техникалық) бөлменің бар болуы | | |
| 9 | Куәландыру орталығының компрометация болмаған жабық кілтінің қолдануы | | |
| 10 | Мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерді мемлекеттік ақпараттық жүйелермен ықпалдастыру бойынша талаптарды сақтауы | | |
| 11 | Ақпараттық жүйелер мен электрондық ақпараттық ресурстарда осалдықтар бар болуы | | |
| 12 | Жұмыс станцияларында және серверлерде лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдануы | | |
| 13 | ЭЦҚ қолданушының жабық кілтінің компрометациясы | | |
| 14 | ЭЦҚ қолданушының дербес мәліметтерінің түгелдігін қамтамасыз ету бойынша шаралардың қабылдануы | | |
| 15 | Нақты, шақырып алынған және күші жойылған сертификаттар бойынша деректер қорларына өзгерістер мен толықтыруларды дер кезінде енгізу | | |
| 16 | Ақпараттық қауіпсіздік талаптарына деректер қорлары, ақпараттық ресурстар және ақпараттық жүйелердің сәйкестігіне аттестаттау өткізуі | | |
| 17 | Ақпаратты қорғау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ұйымдастыру-техникалық іс-шараларды қабылдау | | |
| 18 | Электрондық ақпараттық ресурстар және ақпараттық жүйелер мемлекеттік тіркелімінде тіркелген | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 19 | Бағдарламалық өнімдер, бағдарламалық кодтар, ақпараттық жүйелер депонирлеуге ұсынылған | | |
| 20 | Өтінімдердің нысандары бекітілген нысандарға сәйкестігі | | |
| 21 | Мемлекеттік тіркелімінде тіркелген интернет-ресурстар, деректерді беру желілері, бағдарламалық өнімдер және деректер қорлар туралы мәліметтерді жыл сайын жаңарту | | |
| 22 | Кез келген себептерге байланысты пайдаланудан алынған немесе басқа ведомствоға берілген ақпараттық жүйелер мен ақпараттық ресурстарды Мемлекеттік тіркелімінің есебінен дер кезінде алуы | | |
| 23 | *Әрекеті 2011.01.01* дейін *таратылды.* | | |
| 24 | Алғашқы кодтар, жүктеме файлдардың (түпнұсқалар және көшірмелер) бар болуы | | |
| 25 | Ақпаратты қорғау жүйелері, телекоммуникациялық жабдықтар және серверлерді басқару бойынша білікті мамандар бар болуы | | |
| 26 | Депозитарийдағы бағдарламалық өнімдер туралы мәліметтерді жыл сайын жаңарту | | |
| 27 | Кез келген себептерге байланысты пайдаланудан алынған немесе басқа ведомствоға берілген нормативтік-техникалық құжаттаманы және бағдарламалық кодтарды Депозитарий есебінен дер кезінде алу | | |

**Уәкілетті органның лауазымды тұлғалары:**

________________________ ________________ ___________________

(лауазымы) (қолы) (Аты-жөні)

________________________ ________________ ___________________

(лауазымы) (қолы) (Аты-жөні)

**Тексеру субъектісі:**

________________________ ________________ ___________________

(лауазымы) (қолы) (Аты-жөні)

Қазақстан Республикасы
Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің Төрағасының
2010 жылғы 17 ақпандағы № 63,
Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік жоспарлау Министрінің 2010
жылғы 19 ақпандағы № 86
бірлескен бұйрығына
2-қосымшасы
Нысан

## Ақпараттандыру саласындағы субъектілерді тақырыптық тексеру парағы

Тексеруді белгілеген орган ___________________________________
Тексеруді белгілеу туралы акт _________________________________
(№, күні, айы, жылы, құқықтық статистика бойынша органда тіркелген туралы мәлімет)
Тексеру субъектісінің атауы ____________________________________
Тексеріс өткізу мерзімі __________________________________________
Тексеру мерзімі _________________________________________________
РНН (ИИН/БИН)_________________________________________________
Мекенжайы: _______________ қ., ____________________________ көшесі
Телефон: ___________________, факс: ______________________________
Электрондық поштаның мекен жайы: __________________@________

| № | Талаптар | иә | жоқ |
|---|---|---|---|
| **Нормативтік-техникалық құжаттарға қойылатын талаптар** | | | |
| 1 | Деректер қоры, ақпараттық ресурстар, ақпараттық жүйелер және бағдарламалық өнімдердің нормативтік-техникалық құжаттамасының бар болуы | | |
| 2 | Нормативтік-техникалық құжаттаманың стандарттар талаптарына сәйкестігі | | |
| 3 | Ақпаратты қорғаудың құқықтық және ұйымдастыру шараларының бар болуы | | |
| 4 | Нормативтік-техникалық құжаттаманы депозитке ұсынылғаны | | |
| **Ақпараттық жүйелер, ақпараттық ресурстар, бағдарламалық өнімдер және деректер қорларына талаптар** | | | |
| 5 | Нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына деректер қоры, бағдарламалық өнімдер мен ақпараттық жүйелердің сәйкестігі | | |
| 6 | *Әрекеті 2011.01.01* дейін *таратылды.* | | |
| 7 | *Әрекеті 2011.01.01* дейін *таратылды.* | | |
| 8 | *Әрекеті 2011.01.01* дейін *таратылды.* | | |
| 9 | Сертификатталған ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын қолдануы | | |
| 10 | Мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерді мемлекеттік ақпараттық жүйелермен ықпалдастыру бойынша талаптарды сақтауы | | |
| 11 | Ақпараттық қауіпсіздік талаптарына деректер қорлары, ақпараттық ресурстар және ақпараттық жүйелердің сәйкестігіне аттестаттау өткізілгені | | |
| 12 | *Әрекеті 2011.01.01* дейін *таратылды.* | | |
| 13 | Ақпараттық жүйелер мен электрондық ақпараттық ресурстарда осалдықтар бар болуы | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 14 | *Әрекеті 2011.01.01* дейін *таратылды*. | | |
| 15 | Ақпаратты қорғау жүйелері, телекоммуникациялық жабдықтар және серверлерді басқару бойынша білікті мамандар бар болуы | | |
| **Мемлекеттік тіркелімінде тіркелетін ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерге талаптар** | | | |
| 16 | Жұмыс істейтін деректер қорларына, бағдарламалық өнімдерге, деректерді беру желілері және интернет-ресурстарға Мемлекеттік тіркелімінде тіркеу үшін тіркеу өтінімдерін ұсыну | | |
| 17 | Өтінімдердің нысандары бекітілген нысандарға сәйкестігі | | |
| 18 | Мемлекеттік тіркелімінде тіркелген интернет-ресурстар, деректерді беру желілері, бағдарламалық өнімдер және деректер қорлар туралы мәліметтерді жыл сайын жаңарту | | |
| 19 | Кез келген себептерге байланысты пайдаланудан алынған немесе басқа ведомствоға берілген ақпараттық жүйелер мен ақпараттық ресурстарды Мемлекеттік тіркелімінің есебінен дер кезінде алуы | | |
| **Депозитарийға сақтауға берілетін ақпараттық жүйелеріне талаптар** | | | |
| 20 | Алғашқы кодтар, жүктеме файлдардың (түпнұсқалар және көшірмелер) бар болуы | | |
| 21 | Өтінімдердің нысандары бекітілген нысандарға сәйкестігі | | |
| 22 | Депозитарийдағы бағдарламалық өнімдер туралы мәліметтерді жыл сайын жаңарту | | |
| 23 | Кез келген себептерге байланысты пайдаланудан алынған немесе басқа ведомствоға берілген нормативтік-техникалық құжаттаманы және бағдарламалық кодтарды Депозитарий есебінен дер кезінде алу | | |

**Уәкілетті органның лауазымды тұлғалары:**

____________________ ________________ ________________________

(лауазым) (қолы) (Аты-жөні)

____________________ ________________ ________________________

(лауазым) (қолы) (Аты-жөні)

**Тексеру субъектісі:**

____________________ ________________ ________________________

(лауазым) (қолы) (Аты-жөні)

Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің Төрағасының 2010 жылғы 17 ақпандағы № 63, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік

жоспарлау Министрінің 2010 жылғы 19 ақпандағы № 86 бірлескен бұйрығына
3-қосымшасы
Нысан

# Электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы субъектілерді тақырыптық тексеру парағы

Тексеруді белгілеген орган ________________________________________
Тексеруді белгілеу туралы акт ____________________________________
(№, күні, айы, жылы, құқықтық статистика бойынша органда тіркелген туралы мәлімет)
Тексеру субъектісінің атауы ______________________________________
Тексеріс өткізу мерзімі ___________________________________________
Тексеру мерзімі _________________________________________________
РНН (ИИН/БИН)__________________________________________________
Мекенжайы: _______________ қ., ____________________________ көшесі
Телефон: ___________________, факс: ______________________________
Электрондық поштаның мекен жайы: __________________@_________

| № | Талаптар | ия | жоқ |
|---|---|---|---|
| 1 | Электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыру жөніндегі, сондай-ақ тіркеу куәлігінің дұрыстығын растау жөніндегі қызметке лицензия бар болуы | | |
| 2 | Ақпаратты крифтографиялық қорғау құралдарын іске асыруға (оның ішінде басқа берілуге) лицензия | | |
| 3 | Куәландыру орталығының бағдарламалық-аппараттық құралдарының орналастыру және пайдалану үшін техникалық бөлмелердің бар болуы | | |
| 4 | Тиісті кәсіби деңгейге жауап беретін және біліктілікке сәйкес кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар кемінде үш адам білікті инженер-техникалық персоналдың бар болу | | |
| 5 | Ақпараттық жүйелермен және автоматтандыру құралдарының кешендерімен жұмыс тәжірибесі бар, білікті инженер-техникалық персоналдың болуын растайтын құжаттар (дипломдар, сертификаттар және куәландырушы орталықтың қызметіне сәйкес келетін бейіннің біліктілігін беру туралы өзге де түрдегі куәліктер) | | |
| 6 | Куәландыру орталығының бағдарламалық-аппараттық жинағы үшін сертификатталған ақпаратты крифтографиялық қорғау құралдарын бар болуы | | |
| 7 | Қызметтің айтылған түрінің жүзеге асыру үшін керек болған бағдарламалық-аппараттық жинағы бар болуы | | |
| 8 | Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдармен берілетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерді пайдалана отырып жұмыстарды жүргізуге арналған рұқсат немесе заңнамада белгіленген тәртіпте құпия жұмыстарды бірлесіп орындауға жасалған келісім | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | ЭЦҚ-ның функцияларын іске асыратын жұмыс істейтін бағдарламалық қамтамасыз етуді дұрыс жұмыс істемейтін айғақтардың бар болуы | | |
| 10 | Куәландыру орталығының компрометация болмаған жабық кілтінің қолдануы | | |
| 11 | ЭЦҚ қолданушының жабық кілтінің компрометациясы | | |
| 12 | ЭЦҚ қолданушының дербес мәліметтерінің түгелдігін қамтамасыз ету бойынша шаралардың қабылдануы | | |
| 13 | Нақты, шақырып алынған және күші жойылған сертификаттар бойынша деректер қорларына өзгерістер мен толықтыруларды дер кезінде жаңартуы | | |

**Уәкілетті органның лауазымды тұлғалары:**

______________ ________________ ___________________
(лауазым) (қолы) (Аты-жөні)

_____________ ________________ ___________________
(лауазым) (қолы) (Аты-жөні)

**Тексеріс субъектісі:**

____________ ________________ __________________
(лауазым) (қолы) (Аты-жөні)

Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің Төрағасының 2010 жылғы 17 ақпандағы № 63, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау Министрінің 2010 жылғы 19 ақпандағы № 86 бірлескен бұйрығына
4-қосымшасы

Нысан

Ескерту. 4-қосымшаның әрекеті 2011.01.01 дейін таратылды.

Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің Төрағасының 2010 жылғы 17 ақпандағы № 63, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау Министрінің 2010 жылғы 19 ақпандағы № 86 бірлескен бұйрығына
5-қосымшасы

Нысан

## Байланыс саласындағы субъектілерін тексеріс бойынша тексеру парағы

Тексерісті тағайындаған орган ___________________________________
Тексерісті тағайындау туралы акт ________________________________
(№, күні, құқықтық статистика органында тіркеу туралы мәліметтер)
Тексерісті өткізу мерзімі _____________________________________
Тексерілетін кезең _____________________________________________
Тексеру субъектісінің атауы: ___________________________________
Тексерілетін кезең _____________________________________________
СТН (ИИН/БИН)__________________________________________________
Мекен-жайы: ______________ қ, _________________________ көшесі
Телефоны: ______________, факсы: _________________________
Электрондық поштаның адресі: _________________@_________

| № | Талаптар |
|---|---|
| | **байланыс саласындағы бақылау субъектіге** |
| 1 | Радиоэлектрондық құралдар және жоғары жиілікті құрылғылардың мемлекеттік тіркеуі туралы куәлігі мен радиожиілік спектрін қолданылуына уақтылы төлемінің бар болуы; |
| 2 | Қазақстан Республикасы аумағына шетелден радиоэлектрондық құралдар және жоғары жиілікті құрылғылардың әкелген жағдайда, радиоэлектрондық құралдар, жоғары жиілікті құрылғылардың әкелуге рұқсат, РЭҚ, ЖЖҚ сатып алу жағдайында, радиоэлектрондық құралдар және жоғары жиілікті құрылғылардың сатып алуға рұқсат; |
| 3 | Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде тіркелген радиоэлектрондық құралдар және жоғары жиілікті құрылғылардың санына радиоэлектрондық құралдар нақты санның сәйкестігі; |
| 4 | Радиожиілік спектрін, кеме станциясын қолдануына,радиоэлектрондық құралдар және жоғары жиілікті құрылғылардың пайдалануына рұқсат, сондай-ақ, радиоэлектрондық құралдар қолдануға, радиоэлектрондық құралдар және жоғары жиілікті құрылғылардың пайдалануға рұқсат ету мерзімдерін ұзартылуы, желінің басқару және пайдалану жүйелерін ұйымдастыру қағидаттары; |
| 5 | Радиожиілік спектрін қолдану және радиоэлектрондық құралдар және жоғары жиілікті құрылғылардың пайдалану рұқсаттарындағы белгіленген деректеріне радиоэлектрондық құралдар және жоғары жиілікті құрылғылардың пайдалану-техникалық сипаттамалар сәйкестігі; |
| 6 | Тексерілетін объектілерде қолданылатын байланыс техникалық құралдарына сәйкес сертификаттардың бар болуы; |
| 7 | Арнайы жедел-іздестіру іс-шаралар өткізу үшін құралдардың байланыс операторы коммутациялық жабдықтау құрамында бар болуы; |
| 8 | Жедел-іздестіру іс-шараларын өткізуін қамтамасыз ету үшін абоненттер туралы қызметтік ақпаратты екі жыл ішінде жинау мен сақтауын жүзеге асыру мүмкіндігімен сертификатталған аппаратты-бағдарламалық және техникалық құралдардың бар болуы; |
| 9 | Тиісті дипломдармен, сертификаттармен, аттестаттармен, еңбек кітапшасындағы жазбалармен немесе келісім-шарттармен расталған, тиісті білімі және мамандығы бойынша үш жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар техникалық басшылар, мамандар біліктілік құрамының бар болуы; |
| 10 | Лицензияның қолдану талаптарын сақтау; |
| 11 | Бақылау-өлшеу және сынақ жұмыстарын жүргізу үшін (тиісті шарт болған жағдайда өтініш берушіге меншік не болмаса жалдау құқықтарында тиесілі) метрологиялық базаның бар болуы (Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшеу жүйесінің тізіліміне енгізілген); |
| | |

| | |
|---|---|
| 12 | Кіріс және шығыс жергілікті, қалааралық және халықаралық байланыстың ұйымдастыру кезінде нөмірлеу белгілеуімен нөмірлеу жоспарының бар болуы; |
| 13 | Тексеретінге мынадай ақпарат ұсыну:<br>Құру және/немесе даму кезеңдері бойынша және Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінуіне байланыстыра отырып, қызметтер ұсынылатын аумақтар;<br>қызметтер тұтынушыларымен өзара қатынастарында дербестік дәрежелері (дербес жүзеге асырылады немесе делдалдар - «қызметтер жеткізушілері» талап етіледі);<br>желі түрін құрастырған кезде қолданылған стандарттар мен хаттамалар;<br>желі сыйымдылықтары, оның ішінде құру және/немесе даму кезеңдері бойынша;<br>желінің әкімшілік пункттеріне байланыстыруында байланыстың ұйымдастыру сызбасының бар болуы;<br>ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісімен Қазақстан Республикасы аумағында басқа да байланыс желілерімен өзара іс-әрекет;<br>станцияаралық қосылуларды ұйымдастыру тәсілдері (жалға берілген басқа желілер бойынша нақты техникалық құралдарды көрсетуімен өтініш берушінің меншікті байланыс желісінің құралдары бойынша);<br>трафик есебінің жүйесі бар болуы;<br>байланыс құралдарын иелену, пайдалану, өкім беру құқығы (меншік құқығында не болмаса жалдау құқықтарында);<br>жергілікті телефон қосылулардың, нөмірді анықтау аппаратурасының уақтылы бағаларын есепке алу аппаратурасын қолдану;<br>қолданылатын көлік құралдарын белгілеумен пошталық жөнелтімдердің жолданым иесіне табыс еткенге немесе қабылдап алудан жеткізгенге дейінгі қайта жіберу тәртібі;<br>халықаралық пошта жөнелтімдерін кедендік тексеруге беру тәртібі; |

**Уәкілетті органның лауазымды тұлғалары:**

__________________ _______________ ______________________

(лауазым) (қолы) (Аты-жөні)

__________________ _______________ ______________________

(лауазым) (қолы) (Аты-жөні)

**Тексеру субъектісі:**

__________________ _______________ ______________________

(лауазым) (қолы) (Аты-жөні)

Қазақстан Республикасы
Ақпараттандыру және байланыс
агенттігінің Төрағасының
2010 жылғы 17 ақпандағы № 63,
Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау Министрінің 2010
жылғы 19 ақпандағы № 86
бірлескен бұйрығына
6-қосымшасы
Нысан

7

# Телекоммуникациялар және пошта байланыс саласындағы табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар субъектілерін тексеріс бойынша тексеру парағы

Тексеріс тағайындаған органы:________________________________
Тексеріс тағайындау туралы актісі ___________________________
(№, күні, құқықтық статистика жөнінде органында тіркеу туралы мәлімет)
Тексеріс субъектісінің атауы:_______________________________
Тексеріс өткізу мерзімі______________________________________
Тексеріс кезеңі ____________________________________________
СТН (ЖСН/БСН)_______________________________________________
Мекен-жайы: _______________ қ,__________________________ көшесі
Телефоны: ______________, факсы: ____________________
Электрондық пошта мекен-жайы: _________________@__________

| № | Талаптары | иә | жоқ |
|---|---|---|---|
| **табиғи монополия субъектіге** | | | |
| 1 | Реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) уәкілетті орган бекіткен тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін ескере отырып, реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасына қойылатын талаптарға сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыларды жалпыға бірдей қызмет көрсетумен қамтамасыз ету | | |
| 2 | Жеңілдіктер мен артықшылықтар ескерілген реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) ұсынудан басқа жағдайларда, реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыларға тең жағдайлармен, оның ішінде реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізуді тең жағдайлармен ұсыну | | |
| 3 | Тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шекті деңгейі бекітілген жағдайда, барлық тұтынушылар үшін реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шекті деңгейінен аспайтын бірыңғай тарифтер ( бағалар, алым ставкалары) деңгейлері бойынша ұсыну | | |
| 4 | Шығындары табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне ( тауарларына, жұмыстарына) тарифті (бағаны, алым ставкасын) немесе оның шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде ескерілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) сатып алуды жүзеге асыру | | |
| 5 | Үш жылда бір рет аудиторлық ұйымдардың жыл сайынғы міндетті аудит жүргізу және аудиторлық есеп және жылдық қаржы есептілігі жариялануы | | |
| 6 | Реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша және тұтас алғанда өзге де қызмет бойынша кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу | | |
| 7 | Тарифтік сметаны орындау, тарифтік сметаны орындау туралы уақытында есеп беру немесе оның берілмеуі | | |
| 8 | Тұтынушыларға және өзге де мүдделі тұлғаларға реттеліп көрсетілетін қызметтерді ( тауарларды, жұмыстарды) ұсыну жөніндегі жұмысы туралы жыл сайын есеп беру | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен үлгі шарттарға сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түріне және (немесе) жиынтығына тұтынушылармен жеке шарттар жасасу | | |
| 10 | Негізгі құралдарға қайта бағалау жүргізуді уәкілетті органмен келісу | | |
| 11 | Тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) төмендету туралы оларды қолданысқа енгізгенге дейін он күннен кешіктірмей уәкілетті орган мен тұтынушыларды хабардар ету | | |
| 12 | Қазақстан Республикасының салық заңдары тиісінше өзгертіліп, соның нәтижесінде табиғи монополия субъектісі шығындарының құны азайған жағдайда, барлық тұтынушылар үшін реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін аталған өзгерістер қолданысқа енгізілген күннен бастап уәкілетті орган бекіткен тәртіппен төмендету | | |
| 13 | Мүлікті мемлекет меншігіне беру жағдайларын қоспағанда, өндіріске және реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынуға арналған мүлікті тендер нысанындағы сауда-саттықта иеліктен айыру | | |
| 14 | Табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызмет түрлері бойынша кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алу әдістемесін әзірлеу әрі келісу | | |
| 15 | Табиғи монополиялар субъектілерінің белгіленген тәртіппен бекітілген инвестициялық бағдарламаларын (жобаларын) орындау | | |
| 16 | Уәкілетті орган бекіткен, реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін тікелей пайдаланатын шикізат, материалдар, отын, энергия шығысының техникалық және технологиялық нормаларын бес проценттен астам көтермеу талабын сақтау | | |
| 17 | Нормативтен тыс ысыраптар болған жағдайда оларды жою жөнінде іс-шаралар жоспарын әзірлеу және іске асыру | | |
| 18 | Уәкілетті органнан алған келісім негізінде рұқсат етілген қызметтердің өзге түрлерін көрсету | | |
| 19 | Табиғи монополия субъектісінің өндіріспен және реттеліп көрсетілетін қызметтерді ( тауарларды, жұмыстарды) ұсынумен, сондай-ақ Заңға сәйкес табиғи монополия субъектісі үшін рұқсат етілген қызметті жүзеге асырумен байланысы жоқ мүлікке меншік және (немесе) шаруашылық жүргізу құқығы болмауы бойынша талабын сақтау | | |
| 20 | Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларынан, арнайы қаржы компанияларынан , сондай-ақ табиғи монополия субъектісі үшін Заңда рұқсат етілген қызметті жүзеге асыратын өзге де ұйымдардан басқа, коммерциялық ұйымдардың акцияларын (үлестерін ) немесе олардың қызметіне өзге жолмен қатысудың болмауы бойынша талабын сақтау | | |
| 21 | Уәкілетті орган белгілеген мөлшерден асатын реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар , жұмыстар) үшін ақысын алынбауы бойынша талабын сақтау | | |
| 22 | Заңда көзделмеген қосымша ақы аллынбау немесе өзінің мазмұны бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтердің мәніне қатысы жоқ (қаржылық қаражаттарды және өзге де мүлікті, мүліктік құқықтарды және басқаны беру) қосымша міндеттемелерді өзге түрде танылмауы бойынша талабын сақтау | | |
| 23 | Пайдаланылатын стратегиялық тауарларға арналған шығыстар ұлғайтылатын, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды қоспағанда, уәкілетті орган бекіткен тарифтік сметаның баптарында көзделген қаражатты бес проценттен астам көтермеуі бойынша талабын сақтау | | |
| 24 | Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) қол жеткізу шарттарын күштеп таңу немесе тұтынушыларды кемсітуге әкеп соғатын өзге де іс-әрекеттер жасаудың болмайтыны бойынша талабын сақтау | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 25 | Реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) өндірген және (немесе) ұсынған кезде технологиялық циклда пайдаланылатын жеке меншік құқығымен немесе заңды негізде өзгеше тиесілі мүлікті сенімгерлік басқаруға, лизингті қоса алғанда, мүліктік жалдауға (жалға беруге) тыйым салуын сақтау | | |
| 26 | Арнайы қаржы компаниясының секьюритилендіру туралы мәмілелері бойынша талап ету құқықтарын басқаға беруді қоспағанда, ұсынылатын реттелетін қызметтерге ( тауарларға, жұмыстарға) байланысты талап ету құқығын басқаға беруге тыйым салуын сақтау | | |
| 27 | Реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемін жосықсыз тұтынушылардың төлемеуіне байланысты адал тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) ұсынудан бас тартудың жібермеуі бойынша талабын сақтау | | |
| 28 | Реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) байланысты емес шығындарды олардың тарифтеріне (бағаларға, алымдар ставкаларына) немесе олардың шекті деңгейін енгізбеуі бойынша талабын сақтау | | |
| 29 | Инвестициялық бағдарламаларда (жобаларда) көзделген қаражатты мақсатпен пайдалануы бойынша талабын сақтау | | |
| 30 | Реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасына қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) ақы талап етуге тыйым салуын сақтау | | |
| 31 | Тарифтік сметада қамтылатын ақпаратты коммерциялық құпия деп тануға тыйым салуын сақтау | | |
| 32 | Реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) ұсынуға шарттар жасасу кезінде тұтынушылар құқықтарының бұзылмауы бойынша талабын сақтау | | |
| 33 | Тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды жалпы тәртіппен қайта қарау үшін алты айдан кешіктірмей уәкілетті органға өтінім жасау | | |
| 34 | Заңның 18-1-бабымен қарастырылған іс-әрекеттерді жүзеге асыруға келісім беру туралы өтінімді уақытында уәкілетті органға ұсыну | | |
| | **реттелетін нарық субъектіге** | | |
| 1 | Алдағы уақытта тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалардың өсетіні және өсу себебін растайтын негіздемелік материалдарды табыс ете отырып, өсу себептері туралы кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын жазбаша түрде уәкілетті органға хабарлау | | |
| 2 | Қолданыстағы немесе жобаланған бағаны Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 3 наурыздағы қаулысымен бекітілген Реттелетін нарықтардағы бағаны белгілеу ережесімен белгіленген тәртібіне сәйкес уәкілетті органмен айқындалған бағаны негізделген баға деңгейіне дейін төмендету | | |
| 3 | Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленген баға белгілеу тәртібін сақтау | | |
| 4 | Занда көзделген талаптарды бұза отырып, белгіленген бағаны негізсіз көтеру нәтижесінде алған табысты тұтынушыларға қайтаруы | | |
| 5 | Бағаларды мемлекеттік реттеу енгізілген немесе өнімдердің, тауарлардың және көрсетілетін қызметтердің номенклатураға енгізілген күнінен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, баға деңгейін растайтын негіздемелік материалдарды қоса бере отырып, босату бағалары туралы ақпаратты уәкілетті органға беру | | |
| 6 | Өндіру (өткізу) көлемдері, табыстылық деңгейі және өндірілетін (өткізілетін) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) босату бағалары туралы өнімнің монополиялық түрлері бойынша ай сайынғы ақпаратты уәкілетті органға беру | | |
| 7 | Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті уәкілетті органға беру | | |

Ескерту: Заң - Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Заң

**Уәкілетті органның лауазымды тұлғалары:**

___________________ ________________ ______________________ (лауазым) (қолы) (Аты-жөні)

___________________ ________________ ______________________

(лауазым) (қолы) (Аты-жөні)

**Тексеру субъектісі:**

___________________ ________________ ______________________

(лауазым) (қолы) (Аты-жөні)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК